

көтеру, жұмыс уақытын азайту, жұмыс жағдайын жақсарту, сондай-ақ, әйелдер ерлермен тең құқылы болуын ұрандайды. Әрине, ереуіл таратылады, бірақ бұл оқиға ұзақ уақыт қаланы шулатады. Бұл күнді «Әйелдер күні» деп атап та кетеді. 1910 жылы Американың социалист және фиминист әйелдері бұл мерекені мемлекет көлемінде атап өтеді. Осы жылдың аяғында социалист-фиминист әйелдердің өкілдері АҚШ-тан Копенгагенге социалист әйелдердің II Халықаралық Конференциясына келеді, осы жерде олар Клара Цеткинмен кездеседі. К.Цеткин конференцияда әйелдер күнін белгілеу туралы мәселе көтереді. Оның айтуынша, бұл күні әйелдер қоғамды өздеріне қаратып, талаптарын жариялайтын болады. Конференцияға қатысқын 17 мемлекеттің 100-ден астам әйелдері бұл ойды қолдайды. Бірақ бұл конференцияда Әйелдер мейрамының нақты күні аталмайды. Ең алғаш рет Әйелдер күні 1911 жылдың 19 наурызында Германия, Дания, Австрия және тағы бірнеше Еуропа елдерінде атап өтіледі. 1912 жылы бұл мейрам 19 наурызда емес, 12 мамырда тойланады. Тек 1914 жылдан бастап, неге екені белгісіз, бүкіл халық Әйелдер күнін 8 наурызда атап өте бастайды.

Халықаралық студенттер күні 17 қарашада тойланады. Бұл күн 1941 жылы Лондонда өткен халықаралық фашизмге қарсы жастар конгрессінде Чехословакия студенттерін еске алу күні болып белгіленді. 1939 жылы 17 қарашада Чехословакия студенттер Қоғамының басшылары мен студенттер фашист-неміс басқыншы билігімен қамауға алынып, атылған болатын.

Мақалада тек елімізде тойланатын сан алуан мейрамдардың аз бөлігі ғана талданды. Зерттеу барысында қазақ лингвистикасында геортонимдердің ашылмаған сырлары мен қарастырылмаған қырлары баршылық екенін байқадық. Ең қиыны геортонимдер арасына бір шек қою. Кейбір мереке атаулары мезгілді көрсету үшін де қолданылатындығы көрінеді. Мысалы орыс тілінде, Пасха, Рождество шіркеулік мейрамдар атауларымен қатар, сол кездегі күнделікті мезгілді де көрсетеді: к пасхе, к рождеству. Бұл жерде олар мейрам емес, мезгіл мағынасын білдіреді. Бұл онимдер геортонимдер мен хрононимдер арасындағы өтпелі саты болып табылады.

Менің ойымша, бұл тақырыптың маңыздылығы, біріншіден, ономастикада жалқы есімдердің классификациясы жөніндегі теоретикалық мәселелердің шешуді қажет ететіндігі, олардың шығу тарихы, тілдегі қолданысы. Екіншіден, қазіргі лингвистикада ономастикалық лексиканың өтпелі топтарының арасына белгілі бір шек қойылмағандығы және осы мәселелердің толық қарастырылмағандығы.

Орыс зерттеушілері ономастиканың жан-жақты зерттелуін қамтамасыз етіп, өз тілдерін байытып жатса, біздің лингвистикамызда бұл сала әлі де жабулы күйінде қалып келеді десек артық болмас. Бұл жұмыс қазақ лингвистикасындағы, ономастика саласының бір тармағы, геортонимдердің зерттелуіне қосқан аз да болса, үлесіміз деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – 1990ж.
2. Супранская А.В. Общая теория имени собственного. – 1973 ж.
3. Мұсылман күнтізбесі.
4. «Түркия» газетінің күнтізбесі.
5. Б. Тілеубердиев. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы, 2006ж

ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРİNДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ

Подольская Евгения

1 «В» «Аударма ісі»

Ғылыми жетекші: Абиыр Ақбота

Әр халықтың өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерінің ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, ұлтының психологиялық терең болмысын байқататын құрал - тілі. Халықтың тіл байлығын танытатын, әрі ұлттың болмыс, діл, сана - сезімін көрсететін үлкен бір саласы – фразеологизмдер. Қазақ тілі ұлт болмысының өзіндік ерекшеліктерін танытатын бейнелі тіркестерге өте бай. Ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің бай тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі фразеологизмдерге жүгінген жөн.

Тұрақты тіркестерді басқа тілге аудару қазіргі таңда аударма саласында өзекті мәселелердің бірі. Фразеологизмдерді аудару үшін аудармашы бірінші кезекте, сол елдің санасын, дүниетанымын, тарихын, мәдениетін білу керек. Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына. Аудармашы фразеологизмдерді алдымен ұлттық болмысына, мағынасына қарай аударуы керек. Фразеологиялық бірліктердің келесі бір тілде толық баламасының сәйкестігі табыла бермейді.

Әр халықтың жерінде мекен еткен жануарлар мен аңдарына байланысты тұрақты тіркестер тілде көрініс тапқан. Орыс тілінде қасқыр, қазы, түлкі, аю, қарға аңдарына байланысты, қытай тілінде тырна, жылан, жолбарыс, тасбақа, ал қазақ тілінде ит, қой, жылқы түлкі сияқты аңдар көп кездеседі, мысалы: қой аузынан шөп алмас, ит байласа тұрғысыз, ит өлген жер, тайға таңба басқандай, түймедейді түйедей ету деген тіркестер халықтың болмысына, тұрмысына байланысты айтылған тіркестер. Қазақ, орыс тілдерінде шошқа жағымсыз ақымақтықтың, надандықтың, ал қытай тілінде шошқа бақыттың, сәттіліктің символы, сол себептен де подложить свинью тіркесін қытай халқы түсінбеуі мүмкін. «Ит өлген жер» (тура мағынасы *место где умирают собаки*) өте алыс, ал орыс тілінде *за тридевять земель* немесе *куда ворон костей не заносил*, ағылшын тілінде (*at*) *the other end of the world*. *Ит терісін басына қаптау* (тур. мағ. *надевать сабачью шкуру*) орыс тілінде *намылить шею* мағынасы бойынша сәйкес келетін тіркес, ал ағылшын тілінде *to get it in the neck*. ...

«Қой аузынан шөп алмас» (тур. мағ. *не вырвет травинки изо рта овцы*) (робкий, застенчивый - ұялшақ), орыс тілінде «*Мухи не обидет*» бейнелік тәсілмен берген, ағылшын тілінде *he wouldn't hurt a fly* «Түймедейді түйедей ету» (тур. мағ. величиной с пуговицу предоставлять размером с верблюда), орыс тілінде *делать из мухи слона*, ағылшын тілінде *to make a mountain out of a molehill*.

Фразеологизмдерді басқа тілге аударғанда бірқатар қиындықтар туғызады. Сөзбе – сөз, тура балама жасау тұрақты тіркестердің мағынасын жоғалтады. Екінші тілге аударған кезде адекватты мәнде аударуды талап етеді. Фразеологиялық бірліктерді аударуда бірнеше тәсілдер бар:

1) эквивалентті аударма – бір тілдегі фразеологиялық бірліктерге екінші тілде компоненттер табу. Екі тілдегі абсолютты адекватты фразеологиялық тіркестер толық абсолютты эквиваленттер деп аталады. Мысалы: *қой терісін жамылған қасқыр*, орыс тілінде *волк в овечьей шкуре*, ағылшын тілінде *wolf in sheep's clothing*; қазақ тіліндегі *отпен ойнау*, орыс тілінде *играть с огнем*, ағылшын тілінде *between two fires*; *отқа май құю*, орыс тіл. *подлить масло в огонь*, ағылшын тілінде *to pour oil on the flames*; жаны ауру, орыс тілінде *душа болит, нес его знает – ит білеме*; *аузын ашу* – открывать рот, ағылшын тіл. *with one's mouth open*; *күлін көкке ұшыру – в пух и прах, аузына құм құйғандай- как песка(воды) в рот набрал, төбесі көкке жету – быть на седьмом небе*, ағылшын тілінде *to be in the seventh heaven*; *қылдың ұшында тұру – держаться на волоске*, ағылшын тілінде *to be on the verge (of), to be within a hair's breadth (of)*; *кокпен – түскендей, көзге ұрып тұр – бьют в глаза, тілін жұтып қою – язык проглотил, төбе шашы тік тұру – волосы встают дыбом*, ағылшын тілінде *one's hair stands on end*.

2) аналогтық аударма - бірінші тілден екінші тілге мағынасы жағынан адекватты, бірақ құрылымдық – компонентті құрамы бойынша әр түрлі болып келетін фразеологизмдер. Мысалы: *оқтау жұтқандай қақаяу*, орыс тілінде *словно аршин проглотил*, ағылшын тілінде *as stiff as a poker* (тура мағынасы застывший как кочерга); *егіз қозыдай, бір судың тамшысындай, аузынан түсіп қалғандай*, орыс тілінде *как две капли воды*, ағылшын тілінде *as like as two peas* (тура мағынасы похожи как горошины); *түйенің құйрығы жерге, ешкінің құйрығы көкке жеткенде* (когда хвост верблюда достанет землю, хвост козы достанет неба), орыс тіл. *когда рак на горе свистнет*, ағылшын тілінде *ones in a blue moon* (тура мағын. однажды при голубой луне); *кеудесіне жармасу*, (хватить за грудь) орыс тілінде *схватить за горло* ағыл. тіл. *to take/get smb. by the throat*; *төбесіне көтеру*, орыс тілінде *носить на руках*, ағыл. тіл. *to make a fuss of someone*; *құрғақ қазан қайнату – бить баклуши, седьмая вода на киселе – үш қайнаса сорпасы қосылмау*.

3) сипаттамалық, бейнелік аударма – фразеологизмдердің екі тілде де сәйкестігі жоқ болған жағдайда қолданылатын тәсіл, мысалы: ағылшын тіліндегі *to fiddle while Rome is burning* (тура мағ. *играть на скрипке в то время когда горит Рим*), қазақ тілінде *қойшының қызы қой келгенде іс қылыпты*, *анам жездеме сай – два сапога пара*, ағылшын тілінде *they make a pair*; қазақ тіліндегі *емшек сүті аузынан кеппеген*, орыс тілінде *молоко на губах не обсохло, он еще зеленый*, ал ағылшын тілінде *he is wet behind ears* (тура мағынасы у него мокро за ушами). XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін *there's no love lost between them (us)* тұрақты тіркесі олар

бірін – бірі жақсы көреді деген мағына берсе, бұл тіркес қазіргі ағылшын тілінде олар бірін – бірі ұнатпайды деген мағынаға ие болды, ал қазақ тілінде олардың жұлдыздар қарсы, яғни семантикалық тұрақсыздыққа ұшырағанын көреміз. Сипаттамалық сәйкестік – бұл фразеологизмдерді түсіндіру, суреттеу арқылы берілетін тәсіл. Мысалы: *Битый час – ұзақ уақыт бойы* ағылшын тілінде *one solid hour*; *белый свет не мил – дүниеден безін кеткендей болу*.

4) Фразеологиялық калька – аударылатын тілдегі тура сәйкестік, яғни тура баламамен берілетін тәсіл. Мысалы: орыс тіліндегі *белая ночь – ақ түн*; *лучше поздно, чем никогда – ештен кеи жақсы*, ағылшын тілінде *better late than never*; *ит үреді, керуен көшеді – сабака лает, караван движется, жер жұтсын – пусть тебя земля поглотит*.

Аудармашы фразеологизмдердің мағынасына қарай таңдайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің қатар басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөзі (доминант) – лексикалық мағынадан басталу керек. Яғни мағыналас фразеологизмдердің доминанты ретінде қатар басына жалпы тірек ұғымға негізделген лексикалық мағын бір сөз тұрады. Мысалы, **қателесу** (ошибаться) ұғымына қатысты мынандай мағыналас тіркестер қатар түзеді: *аяғын шалыс басу, жаза басу, ағат кету, от басу*.

Ұйықтау - *көз ілндіру, мызғып алу, көз шырымын алу – (мало спать), тұяқ серптей ұйықтау (қатты ұйықтау)* сияқты ұғымды білдіреді.

«Айтылар ойдың әсерлігі, мазмұн тереңдігі образдылығына тығыз байланысты. Шын мәнінде адамдардың көңіл – күйін, эмоциясын лексикаға қарағанда, фразеологизмдегі эмоция мен экспрессияда анағұрлым көбірек қамтылады».

Қазақ тілі ұлт болмысының өзіндік ерекшеліктерін танытатын бейнелі тіркестерге өте бай. Ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі фразеологизмдерге жүгінген жөн. Қазіргі жастар қысқа қайырылатын сөздер мен тіркестерге ауысуда. «Сөзі мірдің оғындай», «өткір тілді» шешен сөйлейтін жастарды көп кездестіре бермейміз.

Рухани құндылық – қашанда сол ұлттың төлқұжаты. Олай болса, сол рухани құндылықтарымызды жоғалтпайық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі, Алматы «Сөздік - словарь» 2002
2. Қазақша – орысша фразеологиялық сөздік Алматы «Мектеп» 1988
3. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі
4. English- Kazakh Idioglossary, SDU, Almaty, 2002
5. О.С.Ахманова, З.С. Выгодская, Н.Ф. Ротштейн, проф. А.И. Смирнитский, проф. А.М. Таубе. «Русско-Английский Словарь», Москва, 1969, «Советская Энциклопедия».
6. E. Wilson, E. Li, J.Makner, “The Modern Russian Dictionary for English Speakers”, Moscow, «Русский язык», Pergamon Press, 1985.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫ МОДЕЛЬДЕУ

Токтарбаева Гүлім
«Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Жүнісбек Әлімхан

Жоспар:

1. Қазақ тілі дауысты дыбыстар құрамы
Жалаң дауыстар
Құранды дауыстылар
2. Дауысты дыбыстардың жасалымы (артикуляциясы)
А дауысты дыбысы
Ә дауысты дыбысы
Ы дауысты дыбысы
І дауысты дыбысы
Ұ дауысты дыбысы
Ү дауысты дыбысы
3. Жалаң дауыстардың ортақ, айырым белгілері